

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

**БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

12.06.2025 жыл

Қатысқандар: АҚ төрағасы б.ғ.к., доцент м.а. Абдраимова Қ.Т., АҚ мүшесі, академиялық персонал, техн.ғ.к., доцент Ибрагимова Э.Қ., АҚ мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Абишова Г.У., АҚ мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Бабаева Г.А., АҚ мүшесі, академиялық персонал, жұмыс беруші өкілі Абдрасулова Л.С. - «Қаратау Мемлекеттік табиғи қорық» РММ «Ғылым ақпарат және мониторинг» бөлімінің бастығы, б.ғ.к., АҚ мүшесі, білімгерлер өкілі Қожахметова А., Абдулла М.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1.Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларының нәтижелерін талдау
- 2.ББ пәндері бойынша оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды толықтыруға ұсыныс беру
- 3.Сәуір-маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау
- 4.Кафедра ББ бойынша білімгерлердің контингентін қалыптастыруын, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін талдау
- 5.АҚ жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну

АҚ төрайымы Қ.Т.Абдраимова сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: Күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша сәуір-маусым айларында атқарылған жұмыстарды, атап айтқанда сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларының нәтижелерін талдау, ББ пәндері бойынша оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды толықтыруға ұсыныс беру, ағымдық мерзімдегі атқарылған іс шаралар нәтижесін талқылау

АҚ мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.У.Абишова

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша: Жоғары білім, ғылым және инновациялар әлеуметтік тұтастықты, экономикалық өсу мен жаһандық бәсекелестікті қолдауда шешуші рөл атқарады. Еуропалық қауымдастықтың берік білім негізін қалау ұмтылысын назарға ала отырып, жоғары білім әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Осы уақыттағы дағдылар мен құзыреттіліктерді игеруге сұраныстың артуы жоғары білім берудің алдына жаңа міндеттер қойып отыр.

Жоғары білімнің еуропалық кеңістігінде Сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулығының (ESG) басты мақсаты барлық мемлекеттер мен барлық мүдделі тараптар арасында оқыту сапасын қамтамасыз етудің жалпы ұғымдарына ықпал ету болып табылады. Олар Жоғары білімнің еуропалық кеңістігі (ЕНЕА) және халықаралық ынтымақтастық аумағында сапаны қамтамасыз етудің ұлттық және институционалдық жүйелерін дамытуда маңызды рөл атқарды және атқара бермек. Сапаны қамтамасыз ету процестеріне, әсіресе сапаны сыртқы қамтамасыз ету процестеріне тарту еуропалық жоғары білім беру жүйесіне сапаны көрсетуге және ашықтықты арттыруға, осылайша өзара сенімділікті қалыптастыруға және біліктіліктерді, бағдарламаларды және басқа да ережелерді тануды жақсартуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, Сапаны сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру аясында келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

Негізгі оқу жоспарларына, модульдерге және пәндерге жұмыс берушілер мен сыртқы академиялық сарапшыларды тарта отырып, тәуелсіз сыртқы сараптама жүргізілді. Нәтижесінде: 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламаларына «Қаратау Мемлекеттік табиғи қорығы» «Ғылым ақпарат және мониторинг» бөлімінің жетекшісі, Түркістан көпсалалы жоғары медицина колледжі мемлекеттік мекемелерінің атынан жасанды интеллект негіздері және цифрлық технологиялар, қаржылық сауаттылық, инклюзивті білім беру пәндері бойынша оқыту нәтижелерін өзгертуге негіздеме жазылып, Ұсыныс хат пен Сараптамалық тұжырымдар қабылданды;

Стейкхолдерлерден (түлектер, студенттер, оқытушылар және еңбек нарығы өкілдері) кері байланыс алу рәсімдері ұйымдастырылды. Бұл бағытта жұмысты жүргізу барысында жұмыс берушілерден 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламаларының түлектеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. Оқу үдерісі барысында студенттердің қанағаттану деңгейін айқындау үшін және оқыту процесінің осал жақтарын білу мақсатында 1-4 курс студенттерінен онлайн сауалнамалар алынды. Сауалнама нәтижелері талқыланып, оқыту үдерісін оңтайландыру бойынша мәселелер қарастырылды.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., доцент Э.Қ.Ибрагимова:

Осымен бірге, университет кітапханасы 2024-2025 оқу жылында биология, биотехнология салалары бойынша бірқатар ғылыми оқулықтармен жаңартылған, әйтсе де электрондық база қорын биология оқулықтарымен қамтамасыз ету өте өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

Төмендегі кестеде 2024-2025 оқу жылында кітапхана қорының толықтырылуы туралы мәлімет берілген.

Кітапхана қорына түскен жаңа оқулықтар, оқу, оқу-әдістемелік құралдар, монографиялар тізімі

№	Кітаптың авторы және аты	Бөлім	Дана
1	Иманқұлова С. К. Өсімдіктер анатомиясы және морфологиясына зертханалық-практикалық сабақтар. Оқу құралы. - Алматы, 2020. - 65 б.	581.6	1
2	Кудиярова Ж. С. Ферменттік препараттарды алу биотехнологиясы. Оқу-әдістемелік құралы. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 100 б.	574.192	1
3	Кошкимбаев К. Қазіргі жаратылыстану концепциялары (биология). : оқу құралы. 2-бас. - Алматы : Дарын, 2023. - 252 б.	574	5
4	Қуатбаев А. Т. Өсімдіктер экологиясы. : оқулық. / А. Т. Қуатбаев. - Алматы : Дарын, 2023. - 430 б.	574.53	5
5	Әметов Ә.Ә. Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы. : оқулық. 1 бөлім. Археогониялы өсімдіктер. - Алматы : Дарын, 2024. - 363 б.	583.11	5
6	Әметов Ә.Ә. Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы. : оқулық. 2 бөлім. Гүлді өсімдіктер-Қосжарнақтылар. - Алматы : Дарын, 2023. - 404 б.	583.114	5
7	Әметов Ә.Ә. Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы. : оқулық. - Алматы : Дарын, 2024. - 231 б.	583.114	5
8	Есжанов Б.Е. Зоология. Екі бөлім. : оқулық. 2 бөлім. Омыртқалылар зоологиясы. 2-бас., өңдел., түзетілген. Алматы : Дарын, 2023. - 356 б.	591	5
9	Бостанова, А. М. Жануарлар биохимиясы. : оқулық. - Шымкент : Әлем, 2022. - 140 б.	578.9	5
10	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары (табиғат зерттушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). Т.1. Кіт.1 / Құраст.автор.Аралбай Н.К., Қасенова Б.Т., Конканова С.Е., Құлдарбек А.Н. ; Ред.-лық кеңес: Темірбекова Ж.А. т.б. - Түркістан : Тұран, 2023. - 234 б.	582	1

11	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары-табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы. 1 том. 2 кітап. Қазақстанның Жұлдызгүлдер тұқымдасы (Asteraceae Dumort). Түймедақтар (Anthemidae). Зиягүлдер (Senecioideae), Қырмызыгүлдер (Calendulae), Лаксалар (Echinopsidae) буындары. / Құраст. авторлар: Аралбай Н.К., Қасенова Б.Т., Конканова С.Е., Күлдарбек А.Н., т.б. ; Ред.-лық кеңес: Темірбекова Ж.А. т.б. - Түркістан : Тұран, 2023. - 380б.	582	1
12	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары-табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы. 1 томның, 3-кітап. Қазақстанның Жұлдызгүлдер тұқымдасы (Asteraceae Dumort). Бөрікүлдер (Cynareae Less) буыны. / Құраст.-авторлар: Аралбай Н.К., Қасенова Б.Т., Конканова Б.Т., Күлдарбек А.Н., Сихымбаев Ә.Е., т.б. ; Ред.-лық кеңес: Темірбекова Ж.А. т.б. - Түркістан : Тұран, 2024. - 434б	582	1
13	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). 1 том, 4-кітап. Қазақстанның Жұлдызды гүлдер тұқымдасы (Asteraceae Dumort). Сусынтамырлар-Cichoreae Spreng буыны. / Құраст.-авторлар: Аралбай Н.К., Қасенова Б.Т., Конканова С.Е., Күлдарбек А.Н., Сихымбаев Ә.Е., Исаев Е.Б., Қуатбаев А.Т., Есов Р.А. ; Ред.-лық кеңес: Темірбекова Ж.А. - Түркістан : Тұран, 2024. - 328 б.	582	1
14	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). IV том. қатпаркөктер тұқымдасы (Brassicaceae Bupn.) / Құраст. авторлар: Аралбай Н.К., Қуатбаев А.Т., Сихымбаев Ә.Е., Сихымбаева С. М., Қасенова Б.Т., Конканова С.Е., Күлдарбек А.Н., т.б. ; Ред.-лық кеңес: Темірбекова Ж.А., т.б. - Түркістан : Тұран, 2025. - 466 б.	582	1
15	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). V том. Қазақстанның қалампырлар тұқымдасы (Caryophyllaceae Juss). / Құраст. авторлар: Аралбай Н.К., Қуатбаев А.Т., Жумадилов Б.З., Сатыбалдиева Г.Қ., т.б. ; Ред.-лық кеңес: Темірбекова Ж.А. - Түркістан : Тұран, 2025. - 262 б.	582	1
16	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). VI том. Қазақстанн Алаботалар тұқымдасы (Chenopodiaceae Vent.) / Құраст.-авторлар: Аралбай Н.К., Ибрагимов Т.С., Қуатбаев А.Т., Сихымбаев Ә.Е., т.б. ; Ред.-к кеңес: Темірбекова Ж.А., т.б. - Түркістан : Тұран, 2025. - 259 б.	582	1
17	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). XII том. Қазақстанның Сабынкөктер тұқымдасы (Scrophulariaceae Juss). / Құраст. авторлар: Аралбай Н.К., Сатыбалдиева Г.Қ., қуатбаев А.Т., Сихымбаев Ә.Е., т.б. ; Ред.-лық кеңес: Темірбекова Ж.А. т.б. - Түркістан : Тұран, 2024. - 368 б.	582	1
18	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттеушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). VIII том. Қазақстанның шатыргүлдер тұқымдасы (Ariaceae Lindl). / Құраст.-авторлар: Сихымбаева С.М., Аралбай Н.К., Сихымбаева Ә.Е., т.б. ; Ред.-лық кеңес: Темірбекова Ж.А., т.б. - Түркістан : Тұран, 2024. - 310 б.	582	1

19	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). IX том. Қазақстанның раушандар тұқымдасы (Rosaceae Juss.) / Құраст. авторлар: Сихымбаев Ә.Е., Аралбай Н.К., Сихымбаева С.М., Қасенова Б.Т. т.б. ; Ред-лык кеңес: Темірбекова Ж.А., т.б. - Түркістан : Тұран, 2024. - 324 б	582	1
20	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). XIV том. Қазақстанның Тараңдар тұқымдасы (Polygonaceae Lindl.) / Құраст.-авторлар: Аралбай Н.К., Қуатбаев А.Т., Дүйсенбеков С.Л., т.б. ; Ред-лык кеңес: Темірбекова Ж.А., т.б. - Түркістан : Тұран, 2025. - 204 б.	582	1
21	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). XV том. Қазақстанның жуалар (Alliaceae J.G. Agardh). және Лалагүлдер (Liliaceae Juss.)тұқымдастары. / Құраст.-авторлар. Қуатбаев А.Т., Бекпергенова Ж.Б., Қасенова Б.Т., Конканова С.Е., т.б. ; Ред-лык кеңес: Темірбекова Ж.А., т.б. - Түркістан : Тұран, 2025. - 266 б	582	1
22	Асыл ағаш, асыл шөп: Қазақстан флорасының жетекші тұқымдастары(табиғат зерттушілердің, фермердің, агрономның, орманшының жұмыс кітабы сериясы). XVI том. Қазақстанның Талдар (Salicaceae Lindl), Қайындар (Betulaceae S.F. Uzaу.), Сүттігендер (Euphorbiaceae Jüs.) тұқымдастары. / Құраст.-авторлар: Аралбай Н.К., Сатыбалдиева Г.Қ., Қуатбаев А.Т., Сихымбаев Ә.Е., т.б. ; Ред.-лык кеңес: Темірбекова Ж.А., т.б. - Түркістан : Тұран, 2025. - 254 б.	582	1

Жинақталып, талқыланған мәліметтер негізінде келесі құрамдас бөліктерден тұратын аналитикалық есеп дайындалды: Білім беру бағдарламаларының ішкі және сыртқы бағалауының жинақталған нәтижелері; 6B05146–Биологи», 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламаларының айқындалған күшті жақтар мен жетілдіру бағыттарының тізімі:

Бағдарламалардың күшті жақтары:

Мазмұнның өзектілігі-оқу жоспарлары ұлттық стандарттардың талаптарына, ғылымдағы өзекті мәселелердің басымдықтарына сәйкес келеді.
 ПОҚ біліктілігінің жоғары деңгейі-ғылыми дәрежелері бар, ғылыми жобаларға және халықаралық журналдардағы жарияланымдарға қатысатын оқытушылардың болуы.
 Ғылым мен білімнің интеграциясы-студенттерді ғылыми зерттеулерге белсенді тарту, конкурстарға, конференцияларға қатысу.
 Кәсіби бағыт-нақты экологиялық еңбек нарығына дайындықты қамтамасыз ететін қолданбалы пәндер мен тәжірибелердің болуы.
 Дамыған серіктестік базасы-ғылыми-зерттеу институттарымен, табиғатты қорғау ұйымдарымен және кәсіпорындармен ынтымақтастық.
 Элективті курстардың болуы-студенттерге оқуды жеке траектория мен қызығушылыққа бейімдеуге мүмкіндік береді.
 Тәжірибеге бағытталған оқыту-бейінді кәсіпорындарда оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикаларды жүргізу.

Бағдарламалардың әлсіз жақтары:
 Интернационалдандырудың шектеулі деңгейі-ағылшын тілді пәндердің жеткіліксіз ұсынылуы, академиялық ұтқырлық және шетелдік сарапшылардың қатысуы.
 Оқу процесін цифрландырудың жеткіліксіздігі-қазіргі заманғы АКТ, онлайн-платформалар мен цифрлық зертханаларды шектеулі пайдалану.
 Мансап траекториясын әлсіз қолдау Биологиялық және сабақтас ғылымдар жарялау бағыты бойынша (Университетте ғылыми бағыттар үшін) барлық кәсіби практикалар

келісімдерінде өндіріске (мекемеге) төлемақы қарастырылмауы студенттерде кәсіби даму және әлеуетті жұмыс берушілермен байланысты күрделі деңгейге өткізуі;
Семестрлердегі біркелкі емес жүктеме-жеке модульдердің шамадан тыс жүктелуі немесе пәндердің кейбір циклдарында логикалық реттіліктің болмауы.

Жетілдіру бағыттары:

1.Халықаралық компонентті күшейту:

Ағылшын тіліндегі курстарды енгізу

Академиялық ұтқырлықты кеңейту

Шетелдік оқытушыларды шақыру.

2. Цифрлық оқыту инфрақұрылымын жаңғырту:

Moodle платформаларын, Google Classroom, виртуалды зертханаларды пайдалану

Оқу процесін зерттеу саласына қарай материалдық-техникалық жабдықтау.

3.Менторлық және мансаптық сүйемелдеу жүйесін дамыту:

Жұмыс берушілерді тәлімгерлікке тарту

Мансаптық іс-шараларды ұйымдастыру (Бос жұмыс орындар жәрмеңкелері, шеберлік сыныптары, тағылымдамалар).

4.Кері байланыс пен сапа мониторингін күшейту:

Студенттердің, түлектердің және жұмыс берушілердің тұрақты сауалнамалары

Сала өкілдерінің модульдер мен құзыреттерді тексеруге қатысуы

Бағдарламалар мазмұнын жаңарту, практикалық бағыттылықты күшейту, сондай-ақ оқу процесін интернационалдандыру бойынша нақты ұсыныстар

Есеп академиялық комитеттің отырысында қаралып, мақұлданды және кейіннен ҰМО мен университеттің Білім беру сапасын қамтамасыз ету орталығына одан әрі сүйемелдеу және түзету шараларын енгізу үшін жолданды.

АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.А.Бабаева күн тәртібіндегі келесі мәселе сәуір-маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесіне талдау ұсынды:

2024-2025 оқу жылында 6B05146–Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламаларының бакалаврларды дайындау деңгейінде және білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды сақтау мақсатында, әрі оларды білім беру салаларында қолдануды қамтамасыз ететін модульдер бойынша қол жпткізілетін оқыту нәтижелері, игерілетін құзіреттіліктер кәсіби піндердің ерекшеліктерін ескеру арқылы мақсатқа жетелейтін жол. Сондықтан, академиялық кезеңде білім беру бағдарламаларының жоспарға сай атқарылған жұмыстары әрі қарай білімгерлердің аралық, ағымдық білім деңгейлерінен көрінетін болады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе білімгерлердің контингентін қалыптастыруын, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін талдау бойынша Қ.Т.Абдраимова: Төмендегі кестеде 6B051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағыты, 6B05146-Биология, 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламалары бойынша ағымдық оқу жылындағы білімгерлердің еоконтингенті берілген.

Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағыты бойынша білімгерлердің контингенті

№	ББ шифры, топтар		Грант	Каз гр. (ТТЕ)	Кв (F)	Ақылы	Барлығы
1	B050- Биология	ЖБИ-411	16			4	20
2		ЖБИ-412	16			4	20
3		ЖБИ-413	15			4	19
4	B050- Биология	ЖБТ-411	5	1		4	10
5	B050- Биология	ЖБИ-311	9			8	17
6		ЖБИ-312	7			5	12

7		ЖБТ-311	7			4	11
8	B050- Биология	ЖБИ-211	16	1		2	23
9		ЖБИ-212	14			8	24
10		ЖБТ-211	3	3			6
11	B050- Биология	ЖБИ-111	14			1	21
12		ЖБИ-112	11			3	16
13		ЖБИ-011(перекурс)				1	1
14		ЖБТ-111	3			2	7

2024-2025 оқу жылында 6B05146-Биология білім беру бағдарламасы бойынша 46 білімгер академиялық дәрежеге ие болып, жұмыспен қамтылу көрсеткіші 73,3%, ал 6B05169-Биотехнология білім беру бағдарламасы бойынша 4-курста бітірушілер болмады.

АК төрағасы Қ.Т.Абдраимова: Құрметті АК мүшелері! 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстардың көрсеткіштері жақсы нәтижеге ие. Жоғары білім берудің бірыңғай платформасында (<https://epvo.kz/#/user/rep/submissions/application/65588>) 6B05146-Биология (29.05.2025ж) және 6B05169-Биотехнология (23.05.2025ж) білім беру бағдарламалары жаңартылып, мақұлданды. Сондықтан сәуір, мамыр, маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесі талқыланып, «Биологиялық және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша Академиялық Комитеттің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс және мәжіліс Жоспары бойынша барлық жұмыстар орындалып, нәтижелері қорытындыланды деп есептеймін.

Шешім: «Биологиялық және сабақтас ғылымдар» даярлау бағыты бойынша Академиялық Комитеттің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс және мәжіліс Жоспары бойынша барлық жұмыстар қорытындыланып, есеп бекітілсін; сәуір, мамыр, маусым айларында атқарылған іс шаралар нәтижесі талданып, хаттамасы сайтқа ілінсін.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшы



Қ.Т. Абдраимова

Г.О. Абишова